

**БАҒДАРЛАМАЛАП
ОҚЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**Орындаған: Қуат Айдана,
Махамаджанова Мария**

Тобы: ҚТӘ-14к

Қабылдаған: Синбаева Г.К.

Дәстүрлі оқытудың кейбір толымсыз жақтарын **бағдарламалап (жоспарлап) оқыту технологиясы** толтырады. Бұл технология **XX-ғ. 60-шы** жылдары педагогика, психология, кибернетика ғылымдарның тоғысында пайда болды. Оның негізіне оқыту туралы үш ұғым- 1)оқыту-басқару үрдісі ретінде;2)ақпараттық үрдісс;3) жекелендірілген үрдісс ретінде алынған.

Бағдарламалап (жоспарлап)оқыту-оқыту бағдарламасына негізделген. Бұл бағдарламада 1)оқу материалының өзі; 2)оны меңгерудегі оқушының іс-әрекеті; 3)меңгеруді бақылау формасы қатаң жүйеге келтірілген. Оқу материалы бірнеше шағын бөліктерге бөлінеді, әр бөлік логикалық тұрғыдан аяқталған. Студентбір бөлікті меңгергеннен кейін бірнеше вариантта құрастырылған бақылау сұрақтарына жауап береді. Жауап дұрыс берілсе, тапсырманың келесі бөліміне көшіріледі, дұрыс берілмесе материал қайталанып беріледі. Жоспарлап отырудың негізін салушы АҚШ ғалымы Скинер бұл технологияның негізін екі талапқа сай құрған:

1. Жай бақылаудан өзін-өзі бақылауға көшу
2. Педагогикалық жүйені оқушының өз бетімен білім алуына бейімделу.

Бұл әдіс бір бағытты деп ааталады.

Келесі әдістің авторы да-*американдық ғалым Краудер*. Әдіс - көптармақты деп аталады. Бұл бағдарламада студент қойылған мақсатқа өз жеке басы ерекшеліктеріне сай түрлі жолдармен жетеді. Студент бақылау сұрақтарына берген жауаптарына сәйкес не келесі бөлімге, немесе сол бөлімнің тағы бір тармағына (вариантына) көшеді. Тармақтар бірнешеу болуы мүмкін. Белгілі бір тармақты немесе бұтақты өткеннен соң студент бағдарламаның негізгі діңіне қайтып оралады. Дайындық деңгейіне, табиғи қабілетіне қарай тек қана діңмен жұмыс жасайтын студенттер де болады, ал әлсіздері тармақтарға ауысып отырады. Бірақ барлық жағдайда да нәтиже-студенттер берілген білім көлемін толық меңгеріп шығады.

Үшінші әдіс-бейімдендірілген (адаптациялық) деп аталады. Мұнда студенттің қиынырақ немесе жеңілірек тармақтарға ауысуына мүмкіндіктер қарастырылған. Қай тармаққа көшетіні студенттің алдыңғы жауаптары мен жіберген қателіктеріне байланысты. Студенттің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне қарай ақпаратты беру тәсілдері, күрделірек деңгейі, сұрақтардың қасиеттері өзгертіліп отырады.

Жоспарлап оқытудың негізгі принциптері мен жетістік жақтары:

- *1. Оқу материалының мөлшерленіп берілуі;
- *2. Студерттердің өздігінен белсенді жұмыстануы;
- *3. Студенттердің материалды меңгеру деңгейінің үнемі бақылауда болуы;
- *4. Оқыту типінің және оқу материалдары көлемінің жеке бас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- *5. Оқытудың автоматтандырылған техникалық жүйелерін қолдану мүмкіндігі.
- * Жоспарлап оқытудың шығуы оқытуда техникалық құралдарды қолдануға және оларды жетілдіре түсуге жағдай жасады. Жоспарлап оқытудың басты міндеті-автоматтандырылған дағдыларды және мықты білім мен біліктерді қалыптастыру.

Бағдарламалап (жоспарлап) оқытуды компьютер көмегімен жүргізу.

- * Бағдарлап оқытудың екі әдісі бар: машина көмегімен және дәстүрлік әдіспен.
- * Дәстүрлік әдісті қолданғанда оқыту бағдарламалары, оның құрамындағы блок материалдары мен тест сұрақтары баспа қағаз түрінде беріледі. Кеңес дәуірінде компьютердің әді дами қоймаған кезде соңғы әдіс көп қолданылды.
- * Бүгінгі күні бағдарламалап оқыту компьютер көмегімен жүзеге асырылып отыр. Енді осы жүйені қарастыралық.
- * Шын мәнісінде бұл оқыту жүйесін компьютермен жүргізу өте тиімді, себебі оның көмегімен оқушының кез-келген сұраққа берген жауабы тез арада өңделіп, нәтижесі электронды түрде басылып шығады. Оқу үрдісінің дидактикалық мүмкіншіліктері де кең ашылады.
- * Жоғарыда көрсетілген блоктық бағдарламалап оқытудың сұлбасы компьютер көмегімен мына принципте жүзеге асырылады.

Перифериялық құрылғы

Компьютер

Көрініс түрлері

жауап

Блоктар мәтіні

аудио

клавиша

шешім

видео

клавиатура

бағдарлама

Естек сақтау

дыбыс

монитор

талдау

жазылу

(дауыс)

оқушы

Бағдарламалы оқытудың негізгі

мақсаты - оқыту процесін басқаруды жетілдіру, тексеруден өзін-өзі тексеруге, оқытудан өзін-өзі оқытуға көшу.

Бағдарламалы оқытуда жаңа бағдарланған оқулықтар, оқыту құжаттары, үйрету (оқыту) машиналары қолданылады.

Оқытудың бұл түрі 1960 жылдан бастап Б. Скиннер, Н.Краудер бастамасынан кейін, педагогика, психология және кибернетиканы ұштастырып пайдаланылады.

Бағдарламалы оқытудың ерекшеліктері: оқу материалы жеке логикалы бөлшектерге бөлінеді; әр бөлімді меңгерген соң, оқушы өздігінен тест-сұрақтарға жауап береді; дұрыс жауап берілсе, келесі бөлімге өтеді; жауап қате болса, өзі бөлімді қайталап өтіп, сұрақтарға тағы да жауап береді.

Оқытудың бұл түріне негіз болған оу бағдарламасы оқу материалын, оны меңгеру барысындағы оқушының іс-әрекетін, тексеру түрлерін бір тәртіппен ретке келтіреді.

Бағдарламалап оқытудың үш принципі бар: сызықты, тармақты және аралас. Сызықты бағдарламада оқу материалы бірізділікпен беріледі. Тармақты бағдарламада әр оқушы мақсатқа өз жолымен келеді. Қате жауап берген кезде оқушы керекті тармаққа өтіп, қайтадан оқып, қосымша түсініктеме алып, қатені жойып, негізгі сызыққа қайтып оралады. Мықты оқушылар негізгі сызықпен жүрсе, әлсіз оқушылар тармақтарға кіру арқылы нәтижеге жетеді. Аралас бағдарламада қиын тақырыптар тармақтарға бөлінеді, басқалары сызық бойынша орналасады.

Бұл оқыту машинасыз және машиналы болып екіге бөлінеді. Машинасыз бағдарлама оқыту үшін арнайы оқулықтар, перфокарталар пайдаланылады, негізгі деректер көзі қағаз болады. Оқу нәтижесі біраз уақыттан соң бағаланылады. Соңғы кезде машиналы бағдарламалап оқыту үшін компьютер кең қолданылуда. Тапсырмалар, мәтіндер, сұрақтар, жауаптар дисплей дидаарында жазылып, сол мезгілде бағаланып тұрады. Оқу бағдарламасы оқыту алгоритміне негізделген. Алгоритм-дұрыс жауапқа жетелейтін бірізді ақыл-ой және оқу іс-әрекеттерінің жүйесі. Білім мен біліктерді толық меңгеру үшін алгоритм оқушыларға оқу әрекетінің құрамы мен орындау тәртібін белгілейді. Оқу бағдарламасын құрастырудан алдына ала оқу барысын басқару үшін алгоритм жасалынады. Алгоритм сапасы компьютерлік оқытудың сапасына тікелей ықпал жасайды. Сондықтан, компьютерлік оқытудың сапасы оқу бағдарламасы мен техника сапасына тәуелді.

Бағдарламалап оқытудың тиімді жақтары:

1. - Оқу материалының бөлшектелінуі;
2. - Оқушының белсенді өзіндік жұмысы;
3. - Тұрақты тексеру;
4. - Оқыту қарқыны мен оқу материалы көлемінің даралануы;
5. - Техникалық оқыту құралдарын пайдалану;
6. - Бағдарламалап оқытудың кемшіліктері;
7. - Бағдарлама жасауға көп уақыт, күш керектігінен ол өте тиімді;
8. - Мектептегі компьютерлердің саны мен сапасы жеткіліксіз.

Қорытынды:

Бағдарламалап оқыту технологиясы - ғылыми негізде түзілген бағдарлама негізінде оқытудың тиімділігін арттыру. Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Бұл мұғалімнен өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Педагогикалық кәсіптің құпиясы тек оқыту ғана емес, не үшін және қалай оқыту. Бұл ретте мұғалімнің біліктілігі, әдіскерлігі үлкен рөл атқарады. Ал кәсіби шеберліктің жоғарғы шегі шығармашылық еңбек, оқу-тәрбие үрдісін жаңашылдықпен, өзгеріспен құра білу, яғни инновациялық қызметті жүзеге асыру. Оның негізгі көрінісі оқыту мен тәрбиелеудің, дамытудың технологияларын, әдіс- тәсілдерін ендіре отырып, жұмысты ұйымдастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ. Елубаев. Озық технологияларды тиімді пайдалана білейік [Мәтін]: Қ. Елубаев,
Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал «Қазақстан мектебі» №10 қазан, 2014
2. Г.М.Жусанбаева. Білім берудегі инновациялық технологиялар [Мәтін]: Педагогикалық әдістемелік журналы «Білім берудегі менеджмент» / Г.М.Жусанбаева; №1, 2014.-134б/
3. К.З.Жақсылықова. ХХІ ғасырдағы білім беру жүйесінің талаптары мен білім беру ұйымы басшысының құзіреттілігін дамыту мәселесі арасындағы байланыс
4. Кукушин, В.С.Современные педагогические технологии. Начальная школа

Назарларыңызға
рақмет!

